

Документ: «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оларды табыс ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 28 тамыздағы № 167 Қаулысы (2024.01.01. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

Статус документа: действующий. Дата: 31.10.2017 г.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оларды табыс ету қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 28 тамыздағы № 167 Қаулысы
(2024.01.01. берілген [өзгерістер мен толықтырулармен](#))

ҚР Президентінің 2020 жылғы 15 наурыздағы № 285 Жарлығымен енгізілген төтенше жағдай кезеңінде есептіліктің әжекелеген түрлерін ұсыну мерзімдерін ұзарту туралы, ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 31 наурыздағы № 42 [Қаулысын](#) қараңыз

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2020.19.03. № 34 [Қаулысымен](#) ([бұр.ред.қара](#)); 2023.29.06. № 42 [Қаулысымен](#) (2023 ж. 28 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді) ([бұр.ред.қара](#)) кіріспе жаңа редакцияда

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының [15-бабы екінші бөлігінің 65-2\) тармақшасына](#), «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының [16-бабы 3-тармағының 2\) тармақшасына](#) сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2020.19.03. № 34 [Қаулысымен](#) ([бұр.ред.қара](#)); 2021.22.02. № 10 [Қаулысымен](#) ([бұр.ред.қара](#)); 2021.21.06. № 60 [Қаулысымен](#) ([бұр.ред.қара](#)) 1-тармақ өзгертілді; ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2023.29.06. № 42 [Қаулысымен](#) 1-тармақ жаңа редакцияда (2023 ж. 28 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді) ([бұр.ред.қара](#)); ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2023.25.12. № 97 [Қаулысымен](#) 1-тармақ өзгертілді (2024 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) ([бұр.ред.қара](#))

1. Мыналар:

1) осы қаулыға [1-қосымшаға](#) сәйкес бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры есептілігінің тізбесі;

2) осы қаулыға [2-қосымшаға](#) сәйкес зейнетақы активтерінің құны туралы есептің нысаны;

3) осы қаулыға [3-қосымшаға](#) сәйкес зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелінің құрылымы туралы есептің нысаны;

4) осы қаулыға [4-қосымшаға](#) сәйкес сыртқы басқарудағы зейнетақы активтері туралы есептің нысаны;

5) осы қаулыға [5-қосымшаға](#) сәйкес салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтарының көлемі және жеке зейнетақы шоттарының (қосалқы шоттарының) саны туралы есептің нысаны;

6) осы қаулыға [6-қосымшаға](#) сәйкес Қазақстан Республикасының облыстары бойынша (салымшының (алушының) тұрғылықты жері бойынша) салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтарының көлемі және жеке зейнетақы шоттарының (қосалқы шоттарының) саны туралы есептің нысаны;

7) осы қаулыға [7-қосымшаға](#) сәйкес міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары бойынша зейнетақы төлемдері туралы есептің нысаны;

8) осы қаулыға [8-қосымшаға](#) сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің еңбекшілеріне (отбасы мүшелеріне) зейнетақы төлемдерінің және зейнетақы жинақтарының көлемі туралы есептің нысаны;

9) осы қаулыға [9-қосымшаға](#) сәйкес меншікті активтер есебінен сатып алынған бағалы қағаздар туралы есептің нысаны;

Документ: «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оларды табыс ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 28 тамыздағы № 167 Қаулысы (2024.01.01. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

Статус документа: действующий. Дата: 31.10.2017 г.

10) осы қаулыға [10-қосымшаға](#) сәйкес меншікті активтер есебінен жасалған «кері репо» және репо операциялары туралы есептің нысаны;

11) осы қаулыға [11-қосымшаға](#) сәйкес меншікті активтер есебінен орналастырылған салымдар, ақша және ақшалай қаражаттың баламалары туралы есептің нысаны;

12) осы қаулыға [12-қосымшаға](#) сәйкес басқа заңды тұлғалардың капиталына инвестициялар туралы есептің нысаны;

13) осы қаулыға [13-қосымшаға](#) сәйкес меншікті активтерді инвестициялау бойынша жасалған мәмілелер туралы есептің нысаны;

14) осы қаулыға [14-қосымшаға](#) сәйкес дефолтқа жол берген эмитенттердің зейнетақы активтері есебінен сатып алынған қаржы құралдары бойынша есептің нысаны;

15) осы қаулыға [15-қосымшаға](#) сәйкес міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің құны туралы есептің нысаны;

16) тармақша 2024 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді

16) осы қаулыға [16-қосымшаға](#) сәйкес шартты зейнетақы міндеттемелерінің бір шартты бірлігінің құны туралы есептің нысаны;

17) осы қаулыға [17-қосымшаға](#) сәйкес экономика секторлары бойынша (бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының меншікті активтері бойынша) сыныпталған активтер мен міндеттемелер туралы есептің нысаны;

18) осы қаулыға [18-қосымшаға](#) сәйкес экономика секторлары бойынша (бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері бойынша) сыныпталған активтер мен міндеттемелер туралы есептің нысаны;

19) осы қаулыға [19-қосымшаға](#) сәйкес нысаналы жинақтардың төлемдері және қайтарылуы туралы есептің нысаны;

20) осы қаулыға [20-қосымшаға](#) сәйкес нысаналы талаптар туралы есептің нысаны;

21) осы қаулыға [21-қосымшаға](#) сәйкес Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының есептілікті ұсыну қағидалары бекітілсін.

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2020.19.03. № 34 Қаулысымен (бұр.ред.қара); 2021.21.06. № 60 Қаулысымен (бұр.ред.қара) 2-тармақ өзгертілді; ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2023.29.06. № 42 Қаулысымен (2023 ж. 28 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2023.25.12. № 97 Қаулысымен (2024 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 2-тармақ жаңа редакцияда

2. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне электрондық форматта:

1) ай сайын:

осы қаулының 1-тармағының 2) және 4) тармақшаларында көзделген есептілікті есепті айдан кейінгі айдың 7 (жетінші) жұмыс күнінен кешіктірмей, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының сыртқы басқаруға берілген зейнетақы активтері болған жағдайда - есепті айдан кейінгі айдың 20 (жиырма) кешіктірмей;

осы қаулының 1-тармағының 3), 5), 6), 7), 9), 10), 11), 12), 13), 15), 16) және 19) тармақшаларында көзделген есептілікті - есепті айдан кейінгі айдың 7 (жетінші) жұмыс күнінен кешіктірмей;

2) тоқсан сайын:

осы қаулының 1-тармағының 8) және 14) тармақшаларында көзделген есептілікті - есепті тоқсаннан кейінгі айдың 7 (жетінші) жұмыс күнінен кешіктірмей;

осы қаулының 1-тармағының 17) және 18) тармақшаларында көзделген есептілікті есепті тоқсаннан кейінгі айдың 25 (жиырма бесінен) кешіктірмей;

Документ: «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оларды табыс ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 28 тамыздағы № 167 Қаулысы (2024.01.01. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

Статус документа: действующий. Дата: 31.10.2017 г.

3) жыл сайын - осы қаулының 1-тармағының 20) тармақшасында көзделген есептілікті есепті жылдан кейінгі жылдың 30 (отызыншы) сәуірінен кешіктірмей ұсынады.

3. «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры есептілігінің тізбесін, нысандарын, ұсыну мерзімдері мен қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 27 тамыздағы № 227 [қаулысының](#) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8856 болып тіркелген, 2014 жылғы 15 қаңтарда «Егемен Қазақстан» газетінде № 8 (28232) жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

4. Зерттеулер және статистика департаменті (Тутушкин В.А.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен (Сәрсенова Н.В.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік [тіркеуді](#);

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және оған енгізу үшін жіберуді;

3) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

5. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сыртқы коммуникациялар басқармасы (Терентьев А.Л.) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ғ.О. Пірматовқа жүктелсін.

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2020.19.03. № 34 [Қаулысымен](#) 7-тармақ өзгертілді ([бұр.ред.қара](#)); ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2023.29.06. № 42 [Қаулысымен](#) 7-тармақ жаңа редакцияда (2023 ж. 28 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді) ([бұр.ред.қара](#))

7. Осы қаулы алғашқы ресми [жарияланған](#) күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұлттық Банк Төрағасы

Д. Ақышев

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі
Статистика комитетінің Төрағасы
Н. Айдапкелов
2017 жылғы 21 қыркүйек

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2020.19.03. № 34 [Қаулысымен](#) 1-қосымша жаңа редакцияда ([бұр.ред.қара](#)); ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2021.22.02. № 10 [Қаулысымен](#) 1-қосымша өзгертілді ([бұр.ред.қара](#)); ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2023.29.06. № 42 [Қаулысымен](#) (2023 ж. 28 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді) ([бұр.ред.қара](#)); ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2023.25.12. № 97 [Қаулысымен](#) (2024 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) ([бұр.ред.қара](#)) 1-қосымша жаңа редакцияда

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының

Документ: «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оларды табыс ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 28 тамыздағы № 167 Қаулысы (2024.01.01. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

Статус документа: действующий. Дата: 31.10.2017 г.

2017 жылғы 28 тамыздағы

№ 167 [қаулысына](#)

1-қосымша

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры есептілігінің тізбесі

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының есептілігіне мыналар кіреді:

- 1) зейнетақы активтерінің құны туралы есеп;
- 2) зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелінің құрылымы туралы есеп;
- 3) сыртқы басқарудағы зейнетақы активтері туралы есеп;
- 4) салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтарының көлемі және жеке зейнетақы шоттарының (қосалқы шоттарының) саны туралы есеп;
- 5) Қазақстан Республикасының облыстары бойынша (салымшының (алушының) тұрғылықты жері бойынша) салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтарының көлемі және жеке зейнетақы шоттарының (қосалқы шоттарының) саны туралы есеп;
- 6) міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары бойынша зейнетақы төлемдері туралы есеп;
- 7) Қазақстан Республикасының аумағында Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің еңбекшілеріне (отбасы мүшелеріне) зейнетақы төлемдерінің және зейнетақы жинақтарының көлемі туралы есеп;
- 8) меншікті активтер есебінен сатып алынған бағалы қағаздар туралы есеп;
- 9) меншікті активтер есебінен жасалған «кері репо» және репо операциялары туралы есеп;
- 10) меншікті активтер есебінен орналастырылған салымдар, ақша және ақшалай қаражаттың баламалары туралы есеп;
- 11) басқа заңды тұлғалардың капиталына инвестициялар туралы есеп;
- 12) меншікті активтерді инвестициялау бойынша жасалған мәмілелер туралы есеп;
- 13) дефолтқа жол берген эмитенттердің зейнетақы активтері есебінен сатып алынған қаржы құралдары бойынша есеп;
- 14) міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің құны туралы есеп;
- 15) шартты зейнетақы міндеттемелерінің бір шартты бірлігінің құны туралы есеп;
- 16) экономика секторлары бойынша (бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының меншікті активтері бойынша) сыныпталған активтер мен міндеттемелер туралы есеп;
- 17) экономика секторлары бойынша (бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері бойынша) сыныпталған активтер мен міндеттемелер туралы есеп;
- 18) нысаналы жинақтардың төлемдері және қайтарылуы туралы есеп;
- 19) нысаналы талаптар туралы есеп.

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2018.30.07. № 161 [Қаулысымен \(бұр.ред.қара\)](#); 2019.10.09. № 151 [Қаулысымен \(бұр.ред.қара\)](#); 2020.19.03. № 34 [Қаулысымен \(бұр.ред.қара\)](#); 2021.22.02. № 10 [Қаулысымен \(бұр.ред.қара\)](#); 2023.29.06. № 42 [Қаулысымен \(2023 ж. 28 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді\) \(бұр.ред.қара\)](#) 2-қосымша жаңа редакцияда

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының

Документ: «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оларды табыс ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 28 тамыздағы № 167 Қаулысы (2024.01.01. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

Статус документа: действующий. Дата: 31.10.2017 г.

2017 жылғы 28 тамыздағы
№ 167 [қаулысына](#)
2-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне
Әкімшілік деректер нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Зейнетақы активтерінің құны туралы есеп

Әкімшілік деректер нысанының индексі: 1-ENPF_PA

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезеңі: 20__ жылғы «__» _____ жағдай бойынша

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың 7 (жетінші) жұмыс күнінен кешіктірмей, сыртқы басқаруға берілген зейнетақы активтері болған жағдайда - есепті айдан кейінгі айдың 20 (жиырмамынан) кешіктірмей, ай сайын

Нысан

Кесте. Зейнетақы активтерінің құны

_____ есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтері

(теңгемен)

№	Көрсеткіш	күні	күні
1	2	3	...
1.	Инвестициялық шоттардағы күн басындағы қалдық, оның ішінде:		
1.1.	теңгемен		
1.2.	шетел валютасымен		
2.	Инвестициялық шоттарға келіп түскен күн соңындағы ақша, оның ішінде:		
2.1.	теңгемен		
2.2.	шетел валютасымен		
3.	Инвестициялық шоттардан шығарылған күн соңындағы ақша, оның ішінде:		
3.1.	теңгемен		
3.2.	шетел валютасымен		
4.	Инвестициялық шоттардағы күн соңындағы қалдық ((1)+(2)-(3)), оның ішінде:		
4.1.	теңгемен		
4.2.	шетел валютасымен		
5.	Күн соңында сыртқы басқарудағы активтер сомасы, оның ішінде:		
5.1.	теңгемен		

Документ: «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оларды табыс ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 28 тамыздағы № 167 Қаулысы (2024.01.01. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

Статус документа: действующий. Дата: 31.10.2017 г.

5.2.	шетел валютасымен		
6.	Басқа да активтердің күн басындағы құны, оның ішінде:		
6.1.	теңгемен		
6.2.	шетел валютасымен		
7.	Басқа да активтердің күн соңындағы құны, оның ішінде:		
7.1.	теңгемен		
7.2.	шетел валютасымен		
8.	Қаржы инвестицияларының күн басындағы барлық құны, оның ішінде:		
8.1.	туынды қаржы құралдары		
9.	Күн соңындағы келіп түскен қаржы құралдары		
10.	Күн соңындағы шығарылған қаржы құралдары		
11.	Күн соңындағы қаржы инвестицияларының барлық құны ((8)+(9)-(10)+(12)-(12.4.1)-(12.7)), оның ішінде:		
11.1.	туынды қаржы құралдары		
12.	Күн соңындағы есептелген инвестициялық кіріс (шығыс), оның ішінде:		
12.1.	қаржы құралдары бойынша сыйақы алуға байланысты кіріс (шығыс)		
12.2.	әділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздар құнының өзгеруінен түскен кіріс (шығыс)		
12.3.	басқа активтер құнының өзгеруінен түскен кіріс (шығыс)		
12.4.	шетел валютасын қайта бағалаудан түскен кіріс (шығыс), оның ішінде:		
12.4.1.	инвестициялық шоттағы ақшаны және басқа да активтерді қайта бағалаудан түскен кіріс (шығыс)		
12.4.2.	қаржы инвестицияларын қайта бағалаудан түскен кіріс (шығыс)		
12.5.	бағалы қағаздардың құнсыздануынан ықтимал шығынды өтеуге арналған резервтерді (провизияларды) қалпына келтіруге (қалыптастыруға) байланысты кіріс (шығыс)		
12.6.	қаржы құралдары бойынша басқа да кіріс (шығыс)		
12.7.	қаржы құралдарына жатпайтын басқа да кіріс (шығыс)		
13.	Күн соңындағы зейнетақы активтерінің ағымдағы құнының жиынтығы ((4)+(5)+(7)+(11))		
14.	Күн соңындағы зейнетақы активтерінен комиссиялық сыйақы, оның ішінде:		
14.1.	есептелген		
14.2.	төленген		
15.	Зейнетақы активтерінен комиссиялық сыйақы бойынша берешектің қалдығы		
16.	Күн соңындағы инвестициялық кірістен комиссиялық сыйақы, оның ішінде:		
16.1.	есептелген		
16.2.	төленген		

Документ: «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оларды табыс ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 28 тамыздағы № 167 Қаулысы (2024.01.01. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

Статус документа: действующий. Дата: 31.10.2017 г.

17.	Инвестициялық кірістен комиссиялық сыйақы бойынша берешектің қалдығы		
18.	Күн соңындағы зейнетақы активтеріне жататын, есептелген зейнетақы міндеттемелері, оның ішінде:		
18.1.	қате (дұрыс есепке алынбаған) сома		
18.2.	төлемдер, аударымдар және біржолғы алулар		
18.3.	басқалар		
19.	Күн соңындағы зейнетақы активтеріне жататын, орындалған зейнетақы міндеттемелері:		
19.1.	инвестициялық шоттан қате (дұрыс есепке алынбаған) сома		
19.2.	төлемдер мен аударымдар		
19.3.	басқалар		
20.	Бөлінбеген пайда (өтелмеген залал)		
21.	Күн соңындағы зейнетақы міндеттемелерінің қалдығы		
22.	Күн басындағы резервтік қорлар шоттарындағы сома қалдығы		
23.	Күн соңындағы резервтік қорлар шоттарындағы сома қалдығы		
24.	Күн соңындағы зейнетақы активтері бойынша міндеттемелердің жиынтығы және бөлінбеген пайда (өтелмеген залал) ((15)+(17)+(20)+(21)+(23)):		
25.	Күн соңындағы «таза» зейнетақы активтері құнының жиынтығы ((13)-(24))		

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы

Күні 20__ жылғы «__» _____

Зейнетақы активтерінің құны
туралы есеп [нысанына](#)
қосымша

«Зейнетақы активтерінің құны туралы есеп» (индексі - 1-ENPF_PA, кезеңділігі - ай сайын)
әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде «Зейнетақы активтерінің құны туралы есеп» әкімшілік деректер нысанын (бұдан әрі - Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысан «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының [15-бабы екінші бөлігінің 65-2\) тармақшасына](#) және «Мемлекеттік статистика

Документ: «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оларды табыс ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 28 тамыздағы № 167 Қаулысы (2024.01.01. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

Статус документа: действующий. Дата: 31.10.2017 г.

туралы» Қазақстан Республикасы Заңының [16-бабы 3-тармағының 2\) тармақшасына](#) сәйкес әзірленді.

3. Нысанды бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры ай сайын толтырады. Нысандағы деректер теңгемен көрсетіледі.

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап Нысан міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтері бойынша және жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтері бойынша жеке-жеке ұсынылады.

«Есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтері» жолында зейнетақы жарналарына: «міндетті зейнетақы жарналарына, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарына және ерікті зейнетақы жарналарына» және «жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарына» байланысты қалыптастырылған зейнетақы активтері бойынша мәліметтер көрсетіледі.

6. Нысан есепті айдың әр күніне толтырылады. Күні «күн. ай. жыл» форматында көрсетіледі.

7. 1.2., 2.2., 3.2., 4.2., 5.2., 6.2. және 7.2-жолдарында теңгеге балама сома көрсетіледі.

8. 5-жол бойынша мәліметтер осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес сыртқы басқарудағы зейнетақы активтері туралы есептің деректеріне сәйкес көрсетіледі.

9. 7.1. және 7.2-жолдарда көрсетілген есепті кезең соңындағы активтер ақпараттық жүйеде көзделген Нысанға ескертпеде ашып көрсетіледі.

10. 9-жолды толтырған кезде нақты шығын бойынша бағаланатын қаржы құралдары бойынша мәліметтер көрсетіледі. Мәміле жасаған кезде болған шығын (тікелей қаржы құралдарын сатып алуға байланысты), оның ішінде агенттерге, консультанттарға, брокерлерге (дилерлерге) төленген сыйақы мен комиссиялық сыйақы, қор биржаларының алымдары, сондай-ақ ақша аудару бойынша банктік шығыс осы қаржы құралдарының құнына қосылады. Сонымен қатар қаржы құралдарының құнына сатып алу сәтіне дейінгі кезеңге есептелген сыйақы (ол болған кезде) қосылады.

11. 10-жолды толтырған кезде сатылған немесе өтелген қаржы құралдары туралы мәліметтер нақты сату немесе өтеу құны бойынша көрсетіледі.

12. 11-жол бойынша мәліметтер осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес Зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелінің құрылымы туралы есептің деректеріне сәйкес көрсетіледі.

13. 12.5-жолды толтырған кезде резервтер (провизиялар) оны қалыптастыру (қалпына келтіру) күнінің соңында көрсетіледі.

14. 12.6 және 12.7-жолдарды толтырған кезде есепті кезеңнің соңындағы зейнетақы активтерінің құнына енгізілген алынған басқа да кіріс пен келтірілген басқа да шығыс бойынша мәліметтер ақпараттық жүйеде көзделген Нысанға ескертпеде ашып көрсетіледі.

15. 13-жолда бухгалтерлік есепте көрсетілген құн көрсетіледі.

16. 14 және 16-жолдарда комиссиялық сыйақы сомасы көрсетіледі.

17. 15 және 17-жолдарды толтырған кезде есепті кезең соңындағы деректерді ескере отырып, комиссиялық сыйақы бойынша берешектің қалдығы өсу қорытындысымен көрсетіледі.

18. 18.2 және 19.2-жолдарда ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларына, сақтандыру ұйымдарына зейнетақы жинақтары аударымдарының сомасы, алушыларға және басқа

Документ: «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оларды табыс ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 28 тамыздағы № 167 Қаулысы (2024.01.01. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

Статус документа: действующий. Дата: 31.10.2017 г.

тұлғаларға төленген сома, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары бойынша зейнетақы төлемдерінен табыс салығының сомасы көрсетіледі.

Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары бойынша зейнетақы төлемдерінің сомасы ғана көрсетіледі.

19. 18.3 және 19.3-жолдарды толтырған кезде есепті кезеңнің соңындағы зейнетақы активтерінің құнына енгізілген басқа да міндеттемелер бойынша мәліметтер ақпараттық жүйеде көзделген Нысанға ескертпеде ашып көрсетіледі.

20. 22 және 23-жолдар 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап толтырылады. 22 және 23-жолдарда резервтік қорлар шоттарындағы соманың қалдығы көрсетіледі. Осы жолдар жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары бойынша мәліметтер толтырылған кезде ғана толтырылады.

21. Мәліметтер болмаған жағдайда Нысан толтырылмай ұсынылады.

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2018.30.07. № 161 [Қаулысымен \(бұр.ред.қара\)](#); 2019.10.09. № 151 [Қаулысымен \(бұр.ред.қара\)](#); 2020.19.03. № 34 [Қаулысымен \(бұр.ред.қара\)](#); 2021.22.02. № 10 [Қаулысымен \(бұр.ред.қара\)](#); 2021.21.06. № 60 [Қаулысымен \(бұр.ред.қара\)](#); 2023.29.06. № 42 [Қаулысымен \(2023 ж. 28 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді\) \(бұр.ред.қара\)](#) 3-қосымша жаңа редакцияда

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2017 жылғы 28 тамыздағы
№ 167 [қаулысына](#)
3-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне
Әкімшілік деректер нысаны www.nationalbank.kz интернет-ресурсында
орналастырылған

Зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелінің құрылымы туралы есеп

Әкімшілік деректер нысанының индексі: 1-ENPF_SPPA

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезеңі: 20__ жылғы «__» _____ жағдай бойынша

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың 7 (жетінші)
жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын

Нысан

1-кесте. Зейнетақы активтері есебінен сатып алынған бағалы қағаздар
_____ есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтері

№	Сенімгерлік басқарушының атауы	Эмитенттің атауы	Экономикалық қызмет түрі	Эмитенттің елі	Бағалы қағаздың түрі	Бағалы қағаздың
---	--------------------------------	------------------	--------------------------	----------------	----------------------	-----------------

Документ: «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оларды табыс ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 28 тамыздағы № 167 Қаулысы (2024.01.01. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

Статус документа: действующий. Дата: 31.10.2017 г.

1	2	3	4	5	6	сәйкестендіру нөмірі
1.	Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары					
1.1.			x			
...			x			
2.	Қазақстан Республикасы ұйымдарының мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздары					
2.1.	екінші деңгейдегі банктердің бағалы қағаздары					
2.1.1						
.						
...						
2.2.	екінші деңгейдегі банктерді қоспағанда, заңды тұлғалардың бағалы қағаздары					
2.2.1						
.						
...						
3.	Шет мемлекеттердің бағалы қағаздары					
3.1.			x			
...			x			
4.	Қазақстан Республикасының бейрезидент эмитенттерінің					

Документ: «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оларды табыс ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 28 тамыздағы № 167 Қаулысы (2024.01.01. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

Статус документа: действующий. Дата: 31.10.2017 г.

	мемлекеттік емес бағалы қағаздары					
4.1.			x			
...			x			
5.	Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары					
5.1.			x			
...			x			
6.	Инвестициялық қорлардың пайлары					
6.1.						
...						
7.	Жиынтығы:		x			

кестенің жалғасы:

Бағалы қағаздардың саны (дана)	Номиналды құны		Төлем валютасының коды	Бір бағалы қағаздың сатып алу бағасы		Кезеңі		Бағалы қағаздың сатып алу құны (теңгемен)
	Валюта коды	бір бағалы қағаздың құны (теңгемен)		Барлығы (теңгемен)	таза бағасы	есепке алынған күні	өтеу күні	
8	9	10	11	12	13	14	15	16

кестенің жалғасы:

Бағалы қағаздардың ағымдағы құны			Анықтама үшін (теңгемен)			
барлығы (теңгемен)	номиналды құн валютасында	оның ішінде есептелген сыйақы (теңгемен)	қалыптастырылған резервтер (провизиялар)	бағалы қағаздар бойынша дебиторлық берешек	бағалы қағаздар бойынша мерзімі өткен дебиторлық берешек	мерзімі өткен дебиторлық берешек бойынша қалыптастырылған резервтер (провизиялар)
17	18	19	20	21	22	23

кестенің жалғасы:

	Бағалы қағаздың рейтингі	Қор биржасы тізімінің санаты	
--	--------------------------	------------------------------	--

Документ: «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оларды табыс ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 28 тамыздағы № 167 Қаулысы (2024.01.01. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

Статус документа: действующий. Дата: 31.10.2017 г.

Бағалы қағаздар санаты	есепке алынған күні	есепті күні	есепке алынған күні	есепті күні	Портфельдегі ағымдағы купондық мөлшерлеме (пайызбен)
24	25	26	27	28	29

2-кесте. «Кері репо» және репо операциялары бойынша сатып алынған және орналастырылған бағалы қағаздар

№	Сенімгерлік басқарушының атауы	Эмитенттің атауы	Эмитенттің елі		Бағалы қағаздың түрі	Бағалы қағаздың сәйкестендіру нөмірі	Бағалы қағаздардың саны (дана)	Номиналдың құн валютасының коды	Мәміле валютасының коды
			3	4					
1	2	3	4	5	6	7	8	9	
1	«Кері репо» операциясы								
1.1.	тікелей тәсіл								
1.1.1.									
...									
1.2.	автоматты тәсіл								
1.2.1.									
...									
	Жиынтығы:								
2	Репо операциясы								
2.1.	тікелей тәсіл								
2.1.1.									
...									
2.2.	автоматты тәсіл								
2.2.1.									
...									
	Жиынтығы:								

кестенің жалғасы:

Бір бағалы қағаз үшін ашу бағасы		Бір бағалы қағаз үшін жабу бағасы		Кезеңі		Бағалы қағаздардың ағымдағы құны (теңгемен)	Операция бойынша кірістілік мөлшерлемесі (пайызбен)	Ескертпе
теңге мен	номиналдың құн валютасында	теңге мен	номиналдың құн валютасында	операцияны ашу күні	операцияны жабу күні			
10	11	12	13	14	15	16	17	18

3-кесте. Зейнетақы активтері есебінен орналастырылған салымдар

Документ: «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оларды табыс ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 28 тамыздағы № 167 Қаулысы (2024.01.01. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

Статус документа: действующий. Дата: 31.10.2017 г.

1	2	түріні ң атауы	4	5	6	ету (міндеттемелер) сомасы (теңгемен)	(теңгемен)
1.	Туынды қаржы құралдары бойынша шартты талаптар						
1.1							
1.1.1							
...							
	Жиынтығы:						
2.	Туынды қаржы құралдары бойынша шартты міндеттемелер						
2.1							
2.1.1							
...							
	Жиынтығы:						

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

_____ тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы

Күні 20 __ жылғы «__» _____

Зейнетақы активтерінің
инвестициялық портфелінің
құрылымы туралы есеп [нысанына](#)
қосымша

Документ: «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оларды табыс ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 28 тамыздағы № 167 Қаулысы (2024.01.01. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

Статус документа: действующий. Дата: 31.10.2017 г.

«Зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелінің құрылымы туралы есеп» (индексі - 1-ENPF_SPPA, кезеңділігі - ай сайын) әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде «Зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелінің құрылымы туралы есеп» әкімшілік деректер нысанын (бұдан әрі - Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысан «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының [15-бабы екінші бөлігінің 65-2\) тармақшасына](#) және «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының [16-бабы 3-тармағының 2\) тармақшасына](#) сәйкес әзірленді.

3. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры Нысанды есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша ай сайын толтырады. Нысанға тану тоқтатылған қаржы құралдары бойынша деректер енгізілмейді. Нысандағы деректер теңгемен көрсетіледі.

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап Нысан міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтері бойынша және жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтері бойынша жеке-жеке ұсынылады.

«Есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтері» жолында зейнетақы жарналарына: «міндетті зейнетақы жарналарына, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарына және ерікті зейнетақы жарналарына» және «жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарына» байланысты қалыптастырылған зейнетақы активтері бойынша мәліметтер көрсетіледі.

6. 1-кесте бойынша:

1) Нысанда бағалы қағаздар жөніндегі деректер көрсетіледі;
2) 2-бағанда Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі немесе сенімгерлік басқаруға зейнетақы активтері берілген инвестициялық портфельді басқарушының атауы көрсетіледі;
3) 3-бағанда бағалы қағаз эмитентінің атауы көрсетіледі;
4) 4-бағанда экономикалық қызмет түрі «Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы сыныптауышы» ҚР ҰС 03 Қазақстан Республикасының ұлттық сыныптауышына сәйкес көрсетіледі. Осы баған Қазақстан Республикасының резидент эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары бойынша толтырылады;

5) 6-бағанда сатып алынған бағалы қағаздың типі көрсетіле отырып, оның түрі көрсетіледі;

6) 7-бағанда ұлттық сәйкестендіру нөмірі (ҰСН) немесе халықаралық сәйкестендіру нөмірі (ISIN коды) немесе бағалы қағаздың басқа сәйкестендіргіші көрсетіледі;

7) 8-бағанда сатып алынған бағалы қағаздардың саны көрсетіледі;

8) 9 және 11-бағандарда валюталар кодтары «Валюталар мен қорларды белгілеуге арналған кодтар» ҚР ҰС 07 ISO 4217 Қазақстан Республикасының ұлттық сыныптауышына сәйкес көрсетіледі;

9) 10-бағанда облигациялар бойынша купондық облигация бойынша пайызбен көрсетілетін сыйақы есептелетін, облигацияны шығару кезінде айқындалған құнының

Документ: «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оларды табыс ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 28 тамыздағы № 167 Қаулысы (2024.01.01. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

Статус документа: действующий. Дата: 31.10.2017 г.

ақшалай мәні, сондай-ақ облигацияны өтеу кезінде оны ұстаушыға төленуге тиіс сома көрсетіледі. Сوما шығарылым валютасында көрсетіледі;

10) 12 және 13-бағандарда мәміленің жасалғанын растайтын бастапқы құжатта (биржалық куәлік, брокердің және (немесе) дилердің есебі, халықаралық банкаралық ақпарат беру және төлемдер жасау жүйесі СВИФТ (SWIFT) бойынша алынған растау) көрсетілген бағасы көрсетіледі. 13-бағанда: борыштық бағалы қағаздар бойынша номиналды құнына пайыздық қатынасындағы таза бағасы, үлестік бағалы қағаздар бойынша - абсолюттік мәнінде көрсетіледі;

11) 14-бағанда бухгалтерлік есепте бастапқы танылған күні көрсетіледі;

12) 15-бағанда борыштық бағалы қағаздарды өтеу күні көрсетіледі;

13) 16-бағанда агенттерге, консультанттарға, брокерлерге және (немесе) дилерлерге төленген сыйақы мен комиссиялық ақыны, қор биржаларының алымдарын, сондай-ақ аударым бойынша банктік қызметтерді қоса алғанда, сатып алуға тікелей байланысты шығысты қосқандағы және сатып алушы сатушыға төлеген пайыздың (ондай бар болса) шамасына кемітілген бағалы қағаздың сатып алу құны көрсетіледі;

14) 17-бағанда бухгалтерлік есепте көрсетілген бағалы қағаздардың құны көрсетіледі;

15) 20-бағанда бухгалтерлік есепте көрсетілген резервтердің (провизиялардың) сомасы көрсетіледі;

16) 21-бағанда шығарылым проспектісінде белгіленген мерзімде төленуге тиіс бағалы қағаздар бойынша дебиторлық берешек сомасы көрсетіледі;

17) 22-бағанда шығарылым проспектісінде көзделген мерзімде төленбеген бағалы қағаздар бойынша мерзімі өткен дебиторлық берешек көрсетіледі;

18) 23-бағанда бухгалтерлік есепте көрсетілген дебиторлық және мерзімі өткен берешек бойынша резервтердің (провизиялардың) сомасы көрсетіледі;

19) 24-бағанда бағалы қағаздың «әділ құны бойынша бағаланатын», «амортизацияланған құны бойынша бағаланатын» санаты көрсетіледі;

20) 25 және 26-бағандарды толтырған кезде Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8318 болып тіркелген «Болу қажеттілігі қаржы ұйымдарының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін заңды тұлғалар және елдер үшін ең төменгі рейтингіні, осы рейтингіні беретін рейтингілік агенттіктер тізбесін белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 желтоқсандағы № 385 қаулысының (бұдан әрі - № 385 қаулы) 3-тармағында көрсетілген рейтингтік агенттіктердің бірі берген облигациялар бойынша бағалы қағаздың рейтингі, акциялар бойынша эмитенттің рейтингі, мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша елдің рейтингі көрсетіледі. Рейтингі болмаған жағдайда 25 және 26-бағандарда «рейтингі жоқ» деп көрсетіледі. Осы бағандар Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары бойынша толтырылмайды. 25-бағанда бухгалтерлік есепте бастапқы танылған күніндегі рейтингі көрсетіледі;

21) 27 және 28-бағандарда Қазақстан Республикасы қор биржасының ресми тізіміне сәйкес Қазақстан Республикасы резиденттерінің бағалы қағаздарының санаты көрсетіледі. Қазақстан Республикасының қор биржасы тізімінің санаты болмаған кезде 27 және 28-бағандарда «листингі жоқ» деп көрсетіледі. Осы бағандар Қазақстан Республикасы бейрезиденттерінің бағалы қағаздары және Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары бойынша толтырылмайды. 27-бағанда бухгалтерлік есепте бастапқы танылған күніндегі қор биржасы тізімінің санаты көрсетіледі;

22) 29-бағанда Нысанды ұсыну күніндегі борыштық қаржы құралдары бойынша купондық мөлшерлеме көрсетіледі.

7. 2-кесте бойынша:

Документ: «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оларды табыс ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 28 тамыздағы № 167 Қаулысы (2024.01.01. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

Статус документа: действующий. Дата: 31.10.2017 г.

- 1) 2-бағанда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі немесе сенімгерлік басқаруға зейнетақы активтері берілген инвестициялық портфельді басқарушының атауы көрсетіледі;
 - 2) 5-бағанда «кері репо» (репо) операциялары бойынша сатып алынған (орналастырылған) бағалы қағаздың типін көрсете отырып, түрі көрсетіледі;
 - 3) 6-бағанда ұлттық сәйкестендіру нөмірі (ҰСН) немесе халықаралық сәйкестендіру нөмірі (ISIN коды) немесе бағалы қағаздың басқа сәйкестендіргіші көрсетіледі;
 - 4) 7-бағанда «кері репо» (репо) операциялары бойынша сатып алынған (орналастырылған) бағалы қағаздың саны көрсетіледі;
 - 5) 8 және 9-бағандарда валюталар кодтары «Валюталар мен қорларды белгілеуге арналған кодтар» ҚР ҰС 07 ISO 4217 Қазақстан Республикасының ұлттық сыныптауышына сәйкес көрсетіледі;
 - 6) 10 және 11-бағандарда «кері репо» (репо) операциясының жүзеге асырылуын растайтын бастапқы құжатта көрсетілген баға үтірден кейін төрт таңбаға дейінгі дәлдікпен көрсетіледі. Сатып алынған (орналастырылған) бағалы қағазға шетел валютасында ақы төлеген жағдайда, бір мезгілде ұлттық валюта - теңгедегі баламасын 10 және 12-бағандарда көрсете отырып, 11 және 13-бағандар толтырылады, сатып алынған (орналастырылған) бағалы қағазға ұлттық валюта - теңгеде ақы төленген жағдайда 10 және 12-бағандар толтырылады;
 - 7) 16-бағанда бухгалтерлік есепте көрсетілген құн көрсетіледі.
8. 3-кесте бойынша:
- 1) 2-бағанда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі немесе сенімгерлік басқаруға зейнетақы активтері берілген инвестициялық портфельді басқарушының атауы көрсетіледі;
 - 2) 4 және 5-бағандарды толтырған кезде № 385 қаулының 3-тармағында көрсетілген рейтингтік агенттіктердің бірі берген банктің рейтингі көрсетіледі. Рейтингі болмаған жағдайда 4 және 5-бағандарда «рейтингі жоқ» деп көрсетіледі. Осы бағандар Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі салымдар бойынша толтырылмайды;
 - 3) 6-бағанда валюталар кодтары «Валюталар мен қорларды белгілеуге арналған кодтар» ҚР ҰС 07 ISO 4217 Қазақстан Республикасының ұлттық сыныптауышына сәйкес көрсетіледі;
 - 4) 9-бағанда банктік салым шарты бойынша салым мерзімі, салым мерзімі ұзартылған кезде ұзарту мерзімін ескере отырып көрсетіледі;
 - 5) 10 және 11-бағандарда жинақталған сыйақыны төлеу күні мен кезеңділігі банктік салым шартының талаптарына сәйкес көрсетіледі;
 - 6) 14 және 15-бағандарда зейнетақы активтерін банктегі салымға орналастыру сомасы көрсетіледі. Зейнетақы активтерін салымға шетел валютасында орналастырған жағдайда бір мезгілде ұлттық валюта - теңгедегі баламасын 14-бағанда көрсете отырып, 15-баған толтырылады, зейнетақы активтерін ұлттық валюта - теңгемен орналастырылған жағдайда 14-баған толтырылады;
 - 7) 16-бағанда бухгалтерлік есепте көрсетілген салымдардың құны көрсетіледі;
 - 8) 20-бағанда бухгалтерлік есепте көрсетілген резервтердің (провизиялардың) сомасы көрсетіледі;
 - 9) 21-бағанда салымдар бойынша дебиторлық берешек сомасы көрсетіледі;
 - 10) 22-бағанда салымдар бойынша мерзімі өткен дебиторлық берешек көрсетіледі;
 - 11) 23-бағанда бухгалтерлік есепте көрсетілген дебиторлық және мерзімі өткен берешек бойынша резервтердің (провизиялардың) сомасы көрсетіледі;
 - 12) 3-кесте әрбір банк және салымның әрбір валютасы бойынша жеке-жеке салымдар сомасын көрсете отырып, толтырылады.
9. 4-кесте бойынша:

Документ: «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оларды табыс ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 28 тамыздағы № 167 Қаулысы (2024.01.01. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

Статус документа: действующий. Дата: 31.10.2017 г.

1) 2-бағанда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі немесе сенімгерлік басқаруға зейнетақы активтері берілген инвестициялық портфельді басқарушының атауы көрсетіледі;

2) 5-бағанда төлем валютасының коды «Валюталар мен қорларды белгілеуге арналған кодтар» ҚР ҰС 07 ISO 4217 Қазақстан Республикасының ұлттық сыныптауышына сәйкес көрсетіледі;

3) 6 және 8-бағандарда сатып алу бағасы мен сатып алу құны мәміле жасалған күні қалыптасқан валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша көрсетіледі, 11-бағанда сома есепті күнге қалыптасқан валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша көрсетіледі. Ұлттық валюта - теңгеде аффинирленген бағалы металды сатып алған жағдайда 6, 8 және 10-бағандар толтырылады;

4) 10-бағанда бухгалтерлік есепте көрсетілген сома көрсетіледі.

10. 5-кесте бойынша:

1) 2-бағанда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі немесе сенімгерлік басқаруға зейнетақы активтері берілген инвестициялық портфельді басқарушының атауы көрсетіледі;

2) 4-бағанда туынды қаржы құралының базалық активі (бағалы қағаздың және оның эмитентінің атауы, валюта, пайыздық мөлшерлеме, тауар және басқа да базалық активтер) көрсетіледі;

3) 5-бағанда мәміле валютасының коды көрсетіледі. Валюта коды «Валюталар мен қорларды белгілеуге арналған кодтар» ҚР ҰС 07 ISO 4217 Қазақстан Республикасының ұлттық сыныптауышына сәйкес көрсетіледі;

4) 6-бағанда ұлттық сәйкестендіру нөмірі (ҰСН) немесе халықаралық сәйкестендіру нөмірі (ISIN коды) немесе бағалы қағаздың басқа сәйкестендіргіші көрсетіледі, 6-баған туынды қаржы құралының базалық активі бағалы қағаз болып табылған жағдайда толтырылады;

5) 7-бағанда Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7118 болып тіркелген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары жүзеге асыратын зейнетақы активтерімен операциялардың бухгалтерлік есебін жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 1 шілдедегі № 69 қаулысының талаптарына сәйкес туынды құралдармен операция жүргізу кезінде қалыптастырылатын шартты талаптар мен міндеттемелердің сомасы көрсетіледі;

б) 8-бағанда туынды қаржы құралының нарықтық құны (алмастыру құны) көрсетіледі, ол:

